

Ойыл

ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАНЫҢ ЖЕМІСІ Ойылдықтардың өмірін қысқартып отыр

КЕШЕ ОЙЫЛ АУДАНЫНА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘКІМІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҮЛІ ТОҚАЕВТЫҢ БИЫЛҒЫ ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕК КҮНГІ «ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ» АТТЫ ЖОЛДАУЫН НАСИХАТТАЙТЫН АРНАУЛЫ ТОП КЕЛДІ. ОЛАР АУДАННЫҢ ҮШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ БЕС АУЫЛЫНДА БОЛЫП, МЕМЛЕКЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ҚҰЖАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫН ТҮСІНДІРДІ. ЕЛ ДАМУЫН ЕСЕЛЕЙТІН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН БІРГЕ ТАЛҚЫЛАДЫ.

мен беретін ұстанымыз салауатты өмір салтын сақтауды ешқашан ұмытпауымыз керек. Сондықтан бірінші кезекте адам денсаулығы болғаны маңызды. Қазір біздің қоғам-



Топ жетекшісі облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы Нұрғиса Көшеров Қайыңды ауылында кездесуде Жолдаудағы негізгі міндеттерге тоқталды. Жолдаудың маңыздылығы мен Қазақстанның стратегиялық даму бағыты туралы айтқан топ жетекшісі, жылдың басты

жатқан ауыл тұрғындардың көңілдері көтерілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын тұрғындарға түсіндіру, үгіт-насихат жұмысын жүргізу мақсатында

месін нақты деректермен толықтырып отырды. Келесі ретте жоғары да аталған ауыл тұрғындарымен қуана жүздескен «Халықаралық қазақ тілі қоғамы» бірлестігі Ақтөбе филиалының жетекшісі Роман Рахиев мемлекет басшысының Жолдауын қарапайым тілмен түсіндіріп берді. Тар-

ға қарасақ, екпеге қарсы шығып, ереуілдеп, қаңқу сөзге еретіндер жетерлік. Бірақ мен медицина саласының қызметкері ретінде айтарым, екпе бізді жаман індетті жұқтырудан сақтайтын басты қорғаныс. Егер кімде-кім екпе алудан бас тартып жүрсе ол өз денсаулығына немқұрайлы қарайды деген сөз. Ал, медицина қызметкерлері оларды екпе алмадың деп теріс айналмай, тиісінше емдеп жазады. Міне ойлап қарасақ ешбір мемлекет өз халқына қас қылмайды.», - деп әрбір кездесуде ауыл тұрғындарын екпе алуға шақырды. Келесі ретте – «Отбасы банк» Ақтөбе филиалының кеңесшісі Нұршат Қыдырбайқызы мемлекет басшысының Жолдауында әрбір қазақстандық үшін баспаналы болудың оңтайлы жолы қарастырылғандығын мәлімдеп, ол жайында кеңірек түсіндірді. Яғни зейнетақы қорындағы жиналған мөлшерден тыс ақшаны екі жағдайда, баспана алуға және денсаулығына байланысты алуға болады. «Отбасы банкі» арқылы баспаналы болу үшін алдымен баспана құнының 10 пайызын төлеуі тиіс. Міне осындай Жолдауда айтылған жүйелі істермен халыққа қолайлы тұстарын облыстан келген ақпараттық-насихаттық топ өкілдері ауыл тұрғындарына түсінікті етіп жеткізді.

P.S.

Қазір ауылдық округтердің тыныс-тіршілігі бұрынғыдай емес. Халықтың көңіл-күйі мен көркейген ауылдың көркі сырт көзге бірден байқалады. Бұрын кезегін күткен сауалдар мен күрмеуі шешілмеген мәселелер жиналыс үстінде бітпей-тұғын. Қазір жағдай мүлде басқа. Саралжын ауылдық округі тұрғындарының тілегі - көгілдір отын. Оны да ауыл жұртшылығы бірауыздан байыппен жеткізді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Мұса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Арнаулы тілшілер.



құжаты елдің әр азаматының өлеу-ауқатын жақсарту қамында бірқатар топ өлеуметтік бастамаларды көтергенін, оны бір жағдан бас, бір жеңнен қол шығарып, ел болып жүзеге асыру берімділігі міндетіміз екенін жеткізді. Мемлекет басшысының жаңа экономикалық саясатының негізгі бағыттары мен Президенттің бес бастамасына кеңірек тоқталды. Ал, топ мүшесі облыстық мәслихаттың депутаты Бақыт Жаншаева бірлігі жарасқан ауылдықтардың қаймағы бұзылмаған бейбіт тірлігіне сызат түсірмеу, ұлттық достарды жаңғырту сияқты ойларын ортаға салып, Жолдаудағы халықтың өлеуметтік жағдайын көтеру бағытындағы облыстағы атқарылып жатқан шараларды жеткізді.

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінің оқытушысы Гүлайым Нұрмағанбетова болса, негізінен қазіргі әлемді алаңдатқан санитарлық жағдайға байланысты қауіпті вирустан қорғану жолы – вакцина алу екендігін нақты мысалдармен түсіндірді. Ал, қайыңдылықтардың атынан сөз алған Дархан Өтегенов ауылдың мұң-мұқтажын баяндады. Негізінен ауылдан күре жолға жететін 27 шақырым көтерме жолдың «жырын» жеткізді. Кейбір мәселелерге орай, топ мүшелері нақты жауап берсе, жобалық смета-лық құжаты дайын жолдың «жыры» келесі жылы шешімін тапқалы тұрғанын ауыл әкімі Ырғызбай Қосдәулетов айтты.

Жаңа құжаттың негізгі тапсырмалары түсіндірілген дәл осындай келесі кездесу Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінің орталығы Қаратал ауылында да өтті. Газ құбыры тартылып, көшелеріне асфальт төселіп

облыс орталығынан ауданымызға арнайы келген топтың бір легі Саралжын ауылдық округінде және аталған округке қарасты Ақкемер, Тайсойған елді мекендерінде ауыл тұрғындарымен кездесу жиынын өткізді. Онда алдымен аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев ауданның өлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталып, орта және шағын бизнеспен айналысатын деушілерге мемлекет тарапынан жоғары қолдауға ие екендігін айтып өтті.

Сондай-ақ ақпараттық-насихаттық топ өкілдерімен таныстырып, олардың ауданға қатысты өрбіткен өңгі-

қатып айтсақ, ел басынан өткерген өткен шақтың қиын-қыстау кезеңдерін мысалға келтіріп, бүгінгі күнімізге шүкірлік етіп, тек қана ел үшін қызмет қылуға шақырды. Сондай-ақ мемлекет басшысының саясатын қолдап, оның жасаған жүйелі реформалары мен тапсырмаларын елге деген құрмет деп түсініп, әр міндетті мардымды атқарып, аразымыз алауыздық тудырмау керектігін баса айтты. Одан кейін М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінің кафедра меңгерушісі Салтанат Тұрақызы «Біздің мәңгілік ел болып қалыптасу жолында баса



КӘСІПОДАҚ – СЕНІМГЕ ТІРЕК, ҚОРҒАНЫСҚА КЕПІЛ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӘСІПОДАҚ КҮНІНЕ АРНАЛЫП КЕШЕ АУДАНДЫҚ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСІПОДАҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТТІ. ЖИЫНҒА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МҰРАТБАЙ АЙДАРБАЕВ, АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ СЕРІК МЕРУЕНОВ ПЕН АУДАН МЕКТЕПТЕРІНІҢ КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.



Мереке қарсаңында өткен салтанатты шарада алдымен сөз алған аудандық білім қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Гүлмира Избағамбетова кәсіподақ кеңесінің жұмысы, құрылымы және тарихы жайында баяндама жасап, өріптестерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

одақтың бастауыш ұйымдарында тек мерекелі күндерде ғана емес, тұрақты түрде материалдық көмектер көрсетіліп тұрады. Ақылы түрдегі операциялар, стационарда ұзақ емделу, басқа да қиын жағдайларда алдымен көмекке кәсіподақ келеді.

Сонымен қатар, мерекелік сәтті



– Кәсіподақтың басты міндеті – өз мүшелерінің құқығын қорғау. Кейбір жеке бастың сұрақтарын және көптеген өлеуметтік мәселелерді шешуде кәсіподақтың алар орны ерекше. Өз міндеттерін жауапты атқарып жүрген бастауыш ұйымның жетекшілеріне Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Құрмет грамотасы мен Түркістан қаласындағы «Керуен сарай» көп функционалды туристік кешеніне керуен тур жолдамасын табыстады. Сонымен қатар бірнеше мектеп директорына арнайы ақшалай сыйлықтар тапсырылды. Жуырда ғана өткен есепшілер күніне орай екі маманға шипажайға жолдама берілді.

Кәсіподақтардың жұмысында мәдени-көпшілік шараларға көп көңіл бөлінеді. Білім саласындағы кәсіп-

бөлісуге келген аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев жиналғандарды мерекелерімен құттықтап, көп жылғы адал еңбегі мен жетістіктері үшін бір топ кәсіподақ мүшелеріне грамоталар, Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар тапсырды. Ал, ұзақ жыл осы салада қызмет етіп, білім саласы қызметкерлерінің мұңына құлақ түріп, мүддесін қорғаған еңбек ардагері Бактығали Бектұрғанов бүгінгі буын өріптестерін мерекемен құттықтап, өзінің шынайы лебізін білдірді.

Аудандық білім қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Гүлмира Избағамбетова аудандағы білім беру ұйымдарының ыстығы мен суығына тәзіп, адал қызмет атқарып жүрген 20 кіші қызметкерге Ақтөбедегі «Юкон» шипажайына жолдама ұсынды.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР ҚОҒАМНАН ШЕТ ҚАЛМАЙДЫ

ЖЫЛ САЙЫН ЕЛІМІЗДЕ ҚАЗАННЫҢ ӨР ЕКІНШІ ЖЕКЕСЕНБІСІ МҮГЕДЕКТЕР КҮНІ АТАЛЫП ӨТЕДІ. ЖУЫРДА «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ.



Кездесу барысында олардың қажеттіліктерін ескере отырып, азаматтардың құқығын қорғап, өлеуметтік жағдайын жақсартуға айрықша назар аударатынын айтты. Мүгедектер қоғамының төрағасы Тыныштыбай Шалабаев «Мүгедектер күні, меріам емес, есеп беру күні. Ауданымызда мүмкіндігі шектеулі жандарға үнемі көмек көрсетіліп, олардың қоғамнан тыс қалмайтынын», - айтып өтті.

Аудандық жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар жөніндегі басшысы Бекболат Иманғалиев мүгедектерге қажетті қызметтер қолжетімді болуы үшін атқарылып жатқан шаруаларға тоқталды. Іс-шарада мекеме өкілдері азаматтарға сый-құрмет көрсетіп, жылы лебіздерін білдірді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ЕҢБЕК ЖӘРМЕҢКЕСІ – 135 ОРЫН ҰСЫНЫЛДЫ



Өткен аптада аудан орталығында кезекті бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Бұл шараға жұмыс іздеп жүрген 62 адам қатысты. Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев жәрмеңкенің мақсатына тоқтала келе, қатысушыларға ізгі ниетін жеткізе, аудандық жұмыспен қамту орталығының басшысы Аралбай Жолдыбаев бос жұмыс орындарымен таныстырды. Ойыл ауданы бойынша санитариялық бақылау басқармасының басшысы Ғарифолла Құбаев жынға қатысып, тұрғындарға сақтық шараларын әлі де сақтау керек екенін айтты.

Бүгінгі шараға мекеме басшылары, аудандық жұмыспен қамту орталығының мамандарымен қоса ауылдық округ әкімдері мен мектеп директорлары, жұмыс беруші мекемелер атсалысты. Яғни, 35 мекемеден 121 бос жұмыс орны киім ілуші мен операторлық болса, 9 мекемеден басқа да 14 жұмыс орындары ұсынылды. Барлығы жәрмеңкеге 135 бос жұмыс ұсынылды. Жұмыс іздеуші азаматтар жұмыс беруші мекемелердің өкілдерімен сұхбат құрып, сұрақтарына жауап алды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

АҚШАТАУҒА ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ҚОСЫЛДЫ

Мемлекет бастамасымен іске асырылып жатқан “+250” бағдарламасының арқасында еліміздің алыс-шалғайында орналасқан елді мекендер кең жолақты интернетке қол жеткізе бастады. Ойыл ауданында дербес ұялы байланыс жетпей, кең жолақты интернет желісіне қосылмаған төрт ауыл қалған еді. Ол мәселе де Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалиннің Ойыл ауданына сапары барысында берілген тапсырмасы негізінде биыл шешімін тапты.

Төрт ауылдың бірі аудан орталығынан алыс болмаса да, ойда орналасқан Ақшатау ауылы еді. Ұялы байланыстың мұнарасы былтырғы жылы қойылуы жоғары жылдамдықты желінің игілігін көруге асыққан ақшатаулықтардың үмітін үрлегені де рас. Өрине, игіліктің ерте-көші жоқ. Өрине, ауыл тұрғындары осы кезге дейін жылдамдығы кабелді интернетті тұтынып келді. Қазаның басында іске қосылған ұялы байланыс телефонның бетіне телміріп тұрмай, «алыстан жылдам хабар алуға» мүмкіндік туғызып отыр. Ұялы байланыстың құрылғыларын орнатып, іске қосқан «КарТел» ЖШС-інің мамандары Ақшатауға әзірге «Билайн» байланыс операторының қызметі қосылғанын айтады. Осы айдың ортасына дейін «Актив» және «Теле2» қызметінің қосылатынын айтып отыр. Демек, ақшатаулықтардың басқалардан басымдығы таңдау мүмкіндігі болады. 456 тұрғыны бар ауылдан 300-ге тарта абоненттің шығатыны анық.



С.ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

ХАЛЫҚ САНАҒЫНА НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ!

1 қазаннан бастап ауданымызда халық санағы қарқынды жүргізілуде. sapag.gov.kz сайты арқылы 15 қазанға дейін онлайн өтуге болады. Онлайн санақтан өтпеген респонденттерді аудан бойынша 20 сұхбатшы аралап санақ алып жүр. Алайда аралау барысында респонденттердің үйде болмауы, өз үйінің нөмерін білмеуі, үйде тұратын адамдардың құжаттарының түгел болмауы санақшыларға кедергі келтіруде. Сол себепті аудан тұрғындарынан уақыттың тығыздығына байланысты үйдегі тұрғындардың құжаттарын түгендеп қою сұралады. Жалпы елді мекендерді аралап санақ жүргізу 2021 жылдың 30 қазанына дейін жалғасады. Санақшыларымыз осы уақыт аралығында барлық елді мекеннен санақ алып болулары қажет.

Халық санағына немқұрайлы қарауға болмайды. «Қазақстанда өркім маңызды!» - ұранымен өткізіліп жатырған санақтың маңызы өте зор. Өйткені ауданымыздағы кейбір ауылдардың жағдайы осы санаққа байланысты. Адам санына байланысты мектеп, балабақша, медпункттерге заңға сәйкес келешекте жабылу мүмкіндігі болады. Санақтың қорытындысы есеп-қисап үшін ғана емес ең алдымен мемлекеттің алдағы экономика-

Ойыл ауданының статистика басқармасы



лық және әлеуметтік даму бағытын айқындау басқарушылық шешімдер шығару үшін қажет.

Санақ жүргізу – бүкіл қоғамның қатысуын талап ететін ауқымды іс-шара. Бұл іс-шараға халықтың түсінісіп-қарағаны дұрыс.

АҚТӨБЕ ӘКІМДІГІ ГАЗ БАҒАСЫНЫҢ ҚЫМБАТТАУ СЕБЕБІН ТҮСІНДІРДІ



Ақтөбеде сұйытылған газдың литрі 60-75 теңгеге сатылып жатыр. Көбі талонмен сатуға көшті. Ақтөбе облысы ай сайын 13 мың тонна сұйытылған газ пайдаланады. Ал ҚР Энергетика министрлігі қазан айында 11 160 тонна сұйытылған отын бөлуді жоспарлады. Ақтөбе облысының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және энергетика басқармасының газбен жабдықтау бөлімінің басшысы Самат Лепесовтың айтуынша, оның 3 924 тоннасы электронды сауда алаңдарынан тыс (35%) және 7 236 тоннасы электронды сауда алаңы арқылы (65%) сатылды. «Электронды сауда алаңдарынан тыс жеріміз кезінде шекті баға бекітілген. Тоннасына 38 701,67 теңгені құрайды. Ал электронды сауда алаңы арқылы сатылғанда баға өртүрлі. Орта есеппен шілдеде тоннасына 67 082, тамызда 69 808, қыркүйекте 84 365 және қазанда 82 000 мың теңге болды. Бүгінгі таңда зауыттардан 958 тонна сұйытылған мұнай газы жөнелтілді. Алайда теміржол арқылы жөнелтілетін жүктің көлемі артып, осы айдың басында «Қазақстан темір жолы» АҚ станцияларында цистерналарды жө-нелту көшіктірілді. Бүгінгі таңда Ақтөбе қаласына 25 вагон цистерна немесе 900 тонна жүк келіп түсті. Газ толтыру стансаларына жөнелту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұдан басқа 16 вагон цистерна немесе 576 тонна Жем және Қандыағаш стансаларында тұр», - деді Ақтөбе облысының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және энергетика басқармасының газбен жабдықтау бөлімінің басшысы Самат Лепесов.

Қазақпарат

ОТБАСЫ БАНКТИҢ КЕПІЛ ШАРТЫН ХҚО-ҒА БАРМАЙ-АҚ ТІРКЕУГЕ БОЛАДЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Әділет министрлігі және Отбасы банкімен («Бөйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) бірлесіп, жеке тұлғаларға арналған жылжымайтын мүлік кепіл шартын тіркеу бойынша Мемлекеттік қызметке Blockchain технологиясын енгізді.

Енді ипотеканы ресімдейтін қазақстандықтар кепіл шартымен baspana.otbasybank.kz порталындағы жеке кабинетінде таныса отырып, оған ЭЦҚ көмегімен қол қоя алады. Жылжымайтын мүлікке құқық ауыртпалығын мемлекеттік тіркеу туралы нәтижехабарлама түрінде банк сайтындағы және eGov порталындағы жеке кабинеттерге келіп түседі.

Жылжымайтын мүлік кепіл шартын онлайн тіркеу қызметін автомат-

тандыру – банк клиенттеріне бұл процесті 3 күннен 1 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Отбасы банк тарапынан жылжымайтын мүлік кепілінің шарттарына қол қоюға және тексеруге жұмсалатын операциялық шығындар да қысқарады.

Blockchain жүйесі – бұл деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігін толығымен жоққа шығаратын жеке-жеке блоктардан тұратын тізбек жүйесі. Бұл жолданатын деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Азаматтарға арналған үкімет аталған инфрақұрылымды барлық банкке ұсынуға әзір. Қазір бірнеше банк тарапынан осы жобаға қосылу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Сәуле ХАМИДОЛЛА,
«Азаматтарға арналған үкімет»
Ақтөбе облысы бойынша филиалының ресми өкілі.

@coronavirus2020_kz

«ASHYQ»:
МӘРТЕБЕЛЕРДІҢ
САҚТАЛУ
МЕРЗІМІ

1 жыл

COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың аяқталған курсы бар адамдар үшін «жасыл» мәртебесі 1 жыл бойы сақталады

14 күн

«Сары» мәртебесі бар (немесе байланыста болған) адамдар COVID-19-ға оң нәтижесі бар адаммен байланыста болған күннен бастап күнтізбелік 14 күн өткен соң «көкке» ауыстырылады

14 күн

COVID-19-ға теріс ПТР-тестілеу нәтижелері бар адамдарда «қызыл/сары» мәртебесі оң нәтиже алған сәттен бастап немесе COVID-19-ға оң нәтижесі бар адаммен байланысқан күннен бастап 14 күн өткенге дейін сақталады

CORONA | VIRUS2020.KZ

3 ай

COVID-19-бен ауырған адамдарда «жасыл» мәртебесі сауыққаннан кейін соңғы 3 ай бойы сақталады

14 күн

COVID-19-ға теріс ПТР-тестілеу нәтижелері бар байланыста болған адамдарда "сары" мәртебесі COVID-19-ға оң нәтижесі бар адаммен байланыста болған күннен бастап 14 күн өткенге дейін сақталады

14 күн

COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесі бар базада тіркелген адамдарда, U07.1 коды - «инфекция жұқтырған» мәртебесі бар пациенттерде «қызыл» мәртебесі COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесі алынған сәттен бастап 14 күн өткенге дейін сақталады

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - ОРТАҚ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық - елде орын алып отырған жалпы саяси, әлеуметтік және экономикалық проблема-лардың салдары деуге болады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары және осы тұрғыдағы құқық бұзушы-лықтардың бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен халықтың білім деңгейінің, ұстанымының төмен болуыда есер етуі мүмкін. Кей адамдардың құқық бұзушылыққа нем-құрайлық танытуы, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың өсуіне септігін тигізеді. Сыбайлас жемқорлық заманмен бірге өсіп, қарсылықтарға бой бермей, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кесел-

дің бірі. Салық төлеушілердің заңды-лықтарды білмеуі, өз міндеттерінен жаптарып, салығын толығымен көр-сетпеу, уақытында бюджетке төлемеу сыбайлас жемқорлықтың туындауына жол ашады. Кірістер басқармасы сыбайлас жемқорлыққа қатысты іс-өрекеттермен күресудің қаншалықты маңызды екенін назарға ала отырып, паракорлықтың алдын алу, жолын кесу жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, техникалық сабақта, бұқаралық ақпарат құралы бетіне жарияланған мақалаларда, салық төлеушілермен өткізілетін семинар-кеңесте қоғамы-мызда кездесетін сыбайлас жемқор-лықпен күресу қажет екенін түсіндіріп

отырады. Электронды қызметтер аяқындықты қамтамасыз етуші және сыбайлас жемқорлыққа қатысты жағдайлардың алдын алатын тиімді құралдардың бірі. «Салық төлеушінің кабинеті» арқылы салық есептік-тері жібөріп, есеп беттен көшірмені алуда электронды қызметті пайда-лануға мүмкіндік бар. Бұл дегеніміз салық төлеушінің кірістер орган-дарының қызметкерлерімен тікелей байланысты азайтып, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтарды болдырмау әдістерінің бірі. Сыбайлас жемқорлықпен барша халық жұмыла күрескен жағдайда ғана биік мақсат-тарға қол жеткізуге болады.

Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

2021 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ.				
Жергілікті атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Асылбаев Ерлан Базарбаевич Көптоғай ауылдық әкімі	6,13,20,27 қазан 3,10,17,24 қараша 8,15,22,29 желтоқсан Уақыты:Сағат: 90.00- 12.00	Көптоғай ауылы, Достық көшесі №6	74-5-23

ЖЕМ-ШӨПТІ САҚТАУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ МҮДДЕСІ!

Аулаға үйілген шөптің өртенуінің басты себебі, отты бейғам пайдалану болып қалуда. Шөптің күзетілмейтін аймақта, маңынан өтетін жолдарға жақын қашықтықта орналасуы жанама себебі болып табылды. Шөптің сақталуын қамтамасыз ету үшін алдымен: 1. Оларды бөгде адамдардың еркін баруын болдырмайтын қоршалған, күзетілетін аймақта орналастыру керек. 2. Адамдар жүретін және көлік өтетін жерлерден алысырақ орналас-тыру. 3. Өуе электртарату желілеріне дейінгі қауіпсіз қашықтықты қамту. 4. Шөпті мүмкіндігінше жанбайтын материалдармен жабу.

5. Ағаш құрылыстарына, құрылыс-тарға және қасында тұрған отаулар мен маяларға дейінгі өртке қарсы қашықтықтарды қамту. 6. Шөп үю орындарының маңында өртті сөндіруге су қорын және қол жетерлік жерде өрт сөндіру құрал-дарын қамту, ұзындығы отаудың (маяның) периметрін қамтып жететін-дей есеппен мүмкіндігінше су құбырын немесе суару шлангінсін жүргізу. Шөп өте тез жанады және өртті байқаған сөттің бірінші минуттарынан бастап сөндіруді ұйымдастыру керек. 7. Шөпті өрт қауіпті мерзім аяқтал-ған соң өкөлген абзат. Шөпті қоюдың талаптары келесі: - Отаулар мен маялардан құрылыс-тарға дейінгі ара қашықтық кемінде 50 м.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

АУЫЛЫМ АЛТЫН БЕСІГІМ

Бір өңіме қозғашы ауыл жайлы,
Бұдан артық рахат табылмайды.
Бұлдырасын сағымдай өткен
бір күн,
Бір өңіме қозғашы ауыл жайлы.
(Мұқағали Мақатаев)

Кіндік кескен, қаз басқан құтты мекен кім-кімге де қымбат. Кеудеге ыстық сезім ұялататын осы бір ауыз сөз алып мәнге ие. Ғасырлар тоғысындағы бізге дейінгі сан мыңдаған ұрпақтың табаны тиген, тері сіңген киелі мекен ол – Ойыл өлкесі. Жымың қаққан жұлдызы да, жерге төгілген жаңбыр тамшылары да, бетінді өпкен самал желі де, құстарының өуені де, қойы қоздап, бұзауы жамыраған сәт те өзгеше көркем.

Балалық шағымның аспаны осы топырақта өткенін мақтан етемін. Алаңсыз балалық та, ең дәмді ас та, көрсек көзін тоймайтын ғажал табиғат та, жаны жайсан адамдар да Ойылда деп ойлаймын. Тіпті, игі жасқылардың бәрі осы ұлттың ұлы ұасынан шығады емес пе? Ел билеген небір патша-падишаһтар да, қара қылды қақ жарған би-шешендер де, қаламы қарымды жазушылар мен өлеңнен кесте тіккен ақиық ақындар да, өн өрнегін айшықтаған сазгерлер мен күйшілер, өншілер мен бишілер де, жүрек жұтқан батырларымыздың өзі де қарапайым қазақтың қара шаңырағынан шыққан.



«Туған жердің түйе жейтін жапы-рағы да дәрі, түйе аунайтын топырағы да дәрі» деп бекер айтылмаса керек. Адам болған соң оқу деп, жұмыс деп, ел көремін, жер көремін деп сан түрлі сыйлаумен қалаға ағылып жатамыз. Бірақ, сол тас қаладан мейірім таппай, жаны жабыққан сөттерде ең алдымен адам өзінің балалығын, сол балалығы өткен ауылын, ауылдағы өз үйін аңсайды.

«Тырттығы бар тарихтың денесінде Туған жердің ырқына көнесің де. Көне етіктің ұлтанын жұлпы алар Көктемдегі көк сазың өлі есімде.

Ауылым-ай!
Уақыттың кемесінде Зәкірдің түсірмей келесің бе?!
Кеңсірікті қаңсытып жіберетін Аңызбағың,
Аптабың өлі есімде», - деп Қадыр Мырза Әлі атамыз да туған өлкесін сағына жырпаған. Кеудесінде тітім-дей сезімі бар пенде баласы өзі туған ауылын сағынбай жүре алмайды. Өмір бойы жүрегінің түбінде өлділеп өтеді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

АҚТӨБЕЛІК ОҚУШЫЛАР ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖАЙЫНДА СӨЗ ҚОЗҒАДЫ

Қазан айының 8 күні Ақтөбе облы-сындағы «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының белсенді оқушылары онлайн форматта өткізілген слет-та бас қосты. Кездесудің негізгі тақырыбы ретінде қоғамдағы сыбай-лас жемқорлық, азаматтарды адал-дық пен парасаттылыққа баулу мәсе-лелері талдалды. Шараға жүзден астам мектеп оқушылары, мұғалім-дер, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті мен Ақтөбе облысының білім басқармасының өкілдері қатысты.

Естеріңізге сала кетсек, бүгінде мектеп оқушылары арасында сыбай-лас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға, парасаттылық, адал-дық құндылықтарын кеңінен деріп-теуге бағытталған «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтары жұмыс жасау-да. «Мектептегі уақыт – алтын уақыт. Бар назарыңды бен бойдағы қуатыңызы тәрбие мен білімнің қыр-сырын меңгеруге аянбай жүм-сайтын кез. Қазақта бір жасы сөз бар: «Жаздың бір күні – қыстың мың күнін асырайды» - деген. Қазір бір болмашы нәрсеге алаңдап, қызық қуып, оқуды ысырып тастасаңыздар – кейін кештің соңында шаң жұтып қалу қауіп бар. Университетке түсіп, бағаны сатып алып, кейін қызметке түру үшін ақы беріп, қалай ғана жемқорлықтың жақтасы болып қалғандарыңызды түсінбей қаласыз-дар.

Онлайн шараға қатысқан оқушылар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті өкіліне өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, қоғамдағы жемқорлық туралы пікір-лерін білдірді.

жақсы азамат болуларыңызға тілөк-тесіз. Өйткені, қазіргі алған білімі-ңіз - болашақта өздеріңізге нан бола-туғын нәрсе. Еліміз жемқорлық атау-лы дерттен арылсын деген ниетте-ріңіз – адал білім алуыдан, адал азамат болып қалыптасудан басталады», - деді Антикор маманы.

Сонымен қатар, спикер негізгі тақы-рыпқа арқау ретінде Абай Құнанбай-ұлының «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», Шөкерім Құдайберді-ұлының «Мен кетемін, келеді тағы өмірге мендей...» өлеңдерінен үзін-ділер келтірді.

Ұйымдастырушылардың айтуын-ша Қоғамда парасаттылықты ілгеріле-ту жөніндегі кешенді жоспар аясын-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізіліпті. Аталған ақпараттармен тек қана мекен оқушы-лары емес, колледждер мен универ-ситет студенттері де қамтылған.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті.

Шығанақ Берсиев - 140 жыл

ШЫҒАНАҚ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЕҢБЕК ПАСПОРТЫ

ӨНГІМЕ, ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ ОТЫЗЫНШЫ ЖЫЛДАРЫНЫҢ СОҢЫ МЕН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫ АРАЛЫҒЫНДА, ЕЛ СОЛАРДЫҢ СӘЛ АЛДЫНДАҒЫ ЖАППАЙ АШТЫҚ – АУЫРТПАЛЫҒЫНА ТАП БОЛҒАН ТҮСТА ШӨЛЕЙТ ОЙЫЛ ДАЛАСЫНЫҢ АЛАҚАНДАЙ ДЕРЛІК ЖЕРІН ҚОЛДАН ҚҰНАРЛАНДЫРЫП ТАРЫ ДАҚЫЛЫН ӨСІРУДЕ ДҮНИЕДЕ БҰРЫН-СОНДЫ БОЛМАҒАН, ОНЫ АҒРОҒЫЛЫМНЫҢ ӨЗІ КӨРСЕТКІШТІ «ТЕОРИЯДАҒЫ БОЛЖАМНАН АСЫП КЕТТІ» ДЕП МОЙЫНДАҒАН, ЕҢБЕКТЕГІ ҮЛГІ-ӨНЕГЕСІМЕН ДӘНДІ ДАҚЫЛ ӨСІРУДЕ БҮКІЛ ЕЛДІ ҚОЗҒАЛЫСҚА ТҮСІРГЕН, ЕНДІ МІНЕ, МЫНА ТОЙЫНҒАН УАҚЫТТА ЖҰРТЫНЫҢ ЕСІНЕН КЕТІП, ЕСКЕРТКІШТЕ ЕЛЕНБЕГЕН, ШАҒЫН ҚАРАСУДЫҢ БОЙЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ РЕТІНДЕГІ ҚАДІРІН АЙДАЙ ӘЛЕМГЕ АЙҚЫНДАҒАН АТАҚТЫ ШЫҒАНАҚ ТУРАЛЫ. БІЗ ОНЫҢ РЕКОРДЫН БІЛЕМІЗ ДЕЙІК, АЛ ОЛ ӨМІР КЕШІП, ЕҢБЕК ЕТКЕН, КЕРЕМЕТТЕЙ КӨП ӨНІМ АЛҒАН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ЕЛДЕГІ ЖАҒДАЙДЫ БҮГІНГІ ҰРПАҚ БІЛЕ МЕ?



Оның бозбалалық, жігіттік шақтары жазылып еңбек етіп, жарқырап көріне-тін уақыт емес-ті. 1917 жылдан бастап, өмірден өткен 1944 жылға дейінгі аралықтың жылнамасы елде бір ғана түс – қанмен жазылған қилы кезеңдер еді ғой. Қазан төңкерісінен кейін одан да бетер ауыртпалыққа ұшыратқан азамат соғысы, оған іле-шала жалғасқан 1921 жылдан басталған жаппай ашаршылық, елді тоз-тоз еткен коллективтендіру мен халықтың сүйегіне тұрғызылған индустрияландыру, 1937 жылдан 1954 жылға дейін созылған репрессия адамнан адамдықты кетіріп, елдің есін алған қаралы, ұзақ жылдар болды. Бір ғана 1921 жылғы ашаршылықта қазақтың саны үштен бірге азайды, 1930-1933 жылдар арасында тағы да 2 млн 200 мың адам аштықтан қазаға ұшырап, 1 млн адам босқын болды.

Шығанақ нақ осы кезде өмір сүріп, еңбек етті, нақ осы кезде айдай өлемге өзінің, ауылының, қазақ халқының, КСРО мемлекетінің дақын шығарды.

Шығанақ – қазақ елінің еңбек паспорты. Кешегі кері кеткен кезеңнің өзінде 40-жылдары Шығанақ көзі тірісінде де өмірден өткеннен кейін біршама ресми құрметтелді. Өлгідей аласапыран өмірде жұртына қызмет етіп, емейдей иілмей қалған оны «қытымыр» уақыттың өзі мойындап, иілікті. Ол тары егісін алғаш бастаған 1938 жылы әр гектардан 37 центнерден өнім алса, келесі жылы – 69, 1940 жылы 125 центнерден өнім алып, Одақ бойынша үздік көрсеткішке жеткен. Осы табысы үшін диханға елдің ең жоғарғы наградасы – Ленин ордені берілді. Ал 1941 жылы өлгі көрсеткіш – 150 центнер, 1942 жылы – 175 центнерге жеткізіліп, 1943 жылы бүкіл биология ғылымын таңалдырған 204 центнер жиналды. Неміс фашистерімен шайқастағы Қызыл әскердің қорына тек өз есебінен 350 пұт тары, 50 мың сом ақша тапсырған тары өсірушіні Сталин: «Құрман» колхозы. Звено бригадирі Берсиев Шығанақ жолдасқа. Қызыл Армияға істеген қамқорлығыңыз үшін, Берсиев жолдас, Сізге рахмет! Біздің армияны ешбір күш жеңе алмайды» деген телеграммамен құттықтады. Сол

сақты тойындырған «Кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша» деген қанатты сөз сол уақыттың еңгімесі.

Бүгінде Шығанақты ұмыттық, тарыны біле бермейміз, ерен еңбегі үлгісімен соңына жүздеген ізбасарларды ертіп елді қарқ қылған Шығанақтың сол рекорды 1920 жылы аштық басталып, өзі күнкөріс мақсатымен алыс Қарақалпақ еліне кетерде мекен қылған үйінің ішінен ұра қазып, екі бөлек кеспек бөшкеге салумен көміп кеткен небәрі үш пұттық, шамамен, елу кило тұқымды 1937 жылы қайта оралғанда, қазып алып, сепкен тұқымнан басталған. Сонда сол тары он жеті жыл бойы бұзылмай жатқан.

Тары егісі республикада содан 1960 жылдары 1105 мың гектарға дейін жеткізілген-ді. Өміршең құбылысқа сұм заман, қатал уақыт та жеңіліп иілікті дедік. Дихан өмірден өткеннен кейін оның есімін құрметтеудің бірқатар шаралары қолға алынды. Сол 1944 жылғы қарашаның 24-күні Қазақ КСР халық комиссарлары советінің төрағасы Н.Оңдасынов пен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің іс басқарушысы Д.Сырцов «Әйгілі тары өсіруші – колхозшы Шығанақ Берсиевтің есімін мәңгі есте қалдыру және оның жоғары өнімді егін өсіру әдістерін насихаттау туралы» үкіметтік №666 қаулыға қол қойды. Алты баптан тұратын бұл қаулыда: «1. Ақтөбе облысының «Құрман» колхозында «Осы жерде Шығанақ Берсиев 1943 жылы тарыдан гектарынан 1232 пұттан алып, әлемдік рекорд жасады» деген жазуы бар пирамида орнатылсын. (Пирамида Қазақ сәулет өнерінің көшбасшысы, 34 жастағы Бөсеновтің жобасымен 1944 жылы тар уақытта басқа мүмкіндіктің жоқтығынан Ойыл селосында ХІХ ғасырда салынған тарихи ғимаратының Қазан төңкерісі тұсында қиратылған қызыл кірпіштерінен салынды. – И.А.). 2. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінен 1945-1946 жылдардан бастап, ауыл шаруашылығы институты студенттері үшін 3 стипендия тағайындау сұралсын. 3. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасына ол туралы повесть және өн жазылсын. (Ғабиден Мұстафин «Шығанақ» романын 1946 жылы жарыққа шығарды. Өн жазылған жоқ, – И.А.). 4. Суретшілер одағына республика мұражайы мен сурет галереясы үшін Берсиев звеносы мен Берсиевтің портретін салу тапсырылсын (орындалмай қалды. – И.А.). 5. КСРО Халық Комиссарлар Советінен диханның жұмыс әдісі туралы кинофильм шығару сұралсын (жоқ, – И.А.). 6. Дикан есімін мәңгі есте қалдыру

сөйтіп қадірлі перзентін құрметтеудің амалын іздестірген. Алайда соғыс жағдайында ойға алғандарын түгел орындау мүмкін болмады.

Елуінші жылдары Мәскеуде КСРО халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі ашылып, әр республика өздері тұрғызған ғимаратта павильондарымен орналасқанда, қазақстандық ғимараттың кіреберісінен дүниежүзінің түкпір-түкпірлерінен келіп қызықтаушыларды, үйренушілерді, тәжірибе алушыларды тұтас қазақ елінің еңбек және өнер символын бейнелейтін Шығанақ пен Жамбылдың монумент мүсіндері қарсы алатын.

Елге азық-түлік керек болғанда ғана Хрущев 1963 жылы Украинадағы кеңесте есіне алған Шығанақ ептеп тоқтық кіргесін, советтік идеологияның жағдайы белгілі, қайта ұмытыла берді. Содан кейін атақты дихан екінші рет араға он бес жыл салып, 1978 жылы еске түскен. Шынына келгенде, еске түскен емес, еске түсірілген еді. Ата-бабамызға «дөн егіп терлеп», күнкөрістің жолдарын көрсеткен диқанды біз ұмыт-



қанмен Украинада халықтың өлі жадыдан кетпеген екен. Тары өсірушінің қадірін, сірө, қырқыншы жылдардан бері жадыдан шығармай жүрсе керек, «осындай атақты адам болып еді, оның кейінгі өмірі мен ісі не болды» деген сұрақпен сол елдің бір тұрғыны «Правда» газетіне хат жазған.

Сол «Правданың» өлгі хатқа назар аударуы, сірө, тегін емес, көп ұзамай хат ізімен газет тілшісі А.Платошкин Ақтөбеге, Ойыл өңіріне, баяғы рекорд берген Қарасудың бойына жеткен. «Правданың» тілшісі, өрине, неге

облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Василий Ливенцов пен атқару комитетінің төрағасы Оразалы Қозыбаев қолға алған осы игі ықылас, көп ұзамай, бірі зейнеткерлікке жіберіліп, екіншісі өмірден өткеннен соң аяқсыз қалды.

Облыстың бұдан кейінгі басшылығы 1986 жылдың белгілі дүрбелеңіне сәйкес келіп «қазақ ұлтшылдығы» деген жаламен жабырқаған шақта елге кертартпа метрополиялық қырымен қарап, қазақ атаулының қандайынан да қаралық іздеді. Міне, осы кезде Шығанақ өзі туған өңірде тағы да он жыл бойы ұмытылып, бір де бір рет еске алынған жоқ.

1997 жылы ел нарықтық реформамен айналысып жатқан күрделі шақта ешқандай қиындық, кедергілерге қарамастан алыс Германиядан бір кезде өйгілі Бертольт Брехтың «Тары» поэмасына тақырып болған Шығанақ туралы толық мәлімет алу мақсатымен жер асып, су асып, алыс шөлейтте жатқан Ойыл өңіріне неміс әдебиеті мен театр өнерінің өкілдері Штефан Мантейфель мен Иенс Меерле келді. Сөйтсе, бұларды өлемдегі қырқыншы жылдарға дейінгі екі аса ірі оқиға ерекше тартқан екен. Бірі – авиация өлі дамымай тұрғанда Атлантика арқылы 1928 жылы қонбай ұшқан неміс ұшқышы Кель мен ирландиялық Фициморис, екіншісі құнары жоқ айдалада ғылымсыз, білімсіз, қиялдан асып өнім алған Шығанақ туралы пьеса жазу мақсат болған. Ол уақыт барды бартермен құртып, қалғанын бөлісе алмай, біреу трактордың доңғалағын, біреу моторын ала қашып, ығы-жығы болып жатқан шақ. Шығанақ керек болса немістерге керек шығар, бізге қажеті шамалы деді ме, облыс басшылығының екеудің қасына атқосшылыққа қосқаны – облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары мен аудармашы екі жас қыз. Немістердің бұл сапардан нендей «құнды мәлімет» алғанын, өрине, осыдан-ақ түсіну қиын емес шығар деймін. Содан сол екі немістің мақсаттары жүзеге асып, ұлы диханның жасампаз бейнесі Германия сахнасынан көрінді ме, одан хабар жоқ, мені толғандыратыны – біз бұл жақта оларды Қарасуға ұялмай апарғанда, бір кезде қазақ сәулет өнерінің шебері Төлеу Бөсеновтің ойы мен қолынан Шығанақтың құрметіне тұрғызылған, қапталымен айналып көтерілетін күмбезді үлгідегі пирамиданың азып, бір кезде рекордтық өнім берген



атақты төрт гектарлық егістіктің орнын тапап жатқан малды бақылау үшін кім болса сол көтеріліп қарауылдайтын биікке айналғанын, баяғыда ұрасында, он алты жыл жасырын сақталып, кейін әлемді таңдандырған өнім берген тұқым сақталған үйдің бүгінде ши басқан қоңыр төмпешік жұртын көргенде біз қазақтар туралы, ел туралы нендей түсінікте, қандай ұғымда болды екен деп налуға тура келеді.

Сонымен соғыс алдында және соғыс жылдарында, одан кейін де Шығанақтың үлгісімен тары дақылы



бүкіл Кеңес Одағындағы егіншіліктің 54 пайыз үлесін құрап, бүгінге жеткен ұрпақ кешегі ата-бабаларының, өрине, бәрі демеймін, бірақ көп жерде тірі қалып, өздерін өмірге әкелуге себепкер болған Шығанақтың көрсеткіштік емес, әлеуметтік рекордын ескерткіш ретінде тоздырып, өз өмірін естелік ретінде ұмыттық.

Шығанақ осы деп ертеректе орнатылған екі ескерткіш бюст-мүсіннің не күйде екені айтылды. 1944 жылы салынған ескерткіш-пирамида иен далада иесіз қалған мазар секілді. Ол мазар емес, бейіт емес, мәдени-ескерткіштік ғибадатхана. Қалың ши арасында жатқан үй орны тек өйтеуір төмпешік емес. Бірақ мына жер – тым ерекше төмпешік, әлемдік рекорд бір кезде осы үйдің көмбесінен алынған тұқымынан өсірілген. Шығанақтың «кең сарайдай боз үйі» болған. Ол сырқатқа ұшырап, төсек тартып жатып қалғанда, Мәскеудің бұйрығымен шыққан аэроушақ ұшу, қону алаңы жоқ осы жерге зорлықпен қондырылып, «байлаулы» тұрған. Басқа басқа, автомашинаны көріп қалудың өзі үлкен жаңалық уақытта бұл оқиғаға кезігу ауыл адамдарына ертегінің өзімен кезіккендей әсер қалдырған ғой.

2006 жылы ұлы диханның туғанына 125 жыл тойланып еді, осыған байланысты елдің бас газеті «Егемен Қазақстан» содан бір жыл бұрын сол айтулы дананы елдің есіне салу үшін, 2005 жылғы 24 тамыз күнгі санында «Шығанақ – Қазақ елінің еңбек паспорты» деп аталған көлемді материал жариялап, облыста біршама өрлеу тудырды, келесі жылы ол шара ретінде Ойыл ауданы орталығы мен рекордтық өнім туған жер – оншақты үйлі Қарасу мекенінде ғана атап өтілді. Сол мерекеде Ақтөбе қаласынан 20 шақырым алыстағы ауыл шаруашылығы колледжіне есімі беріледі, колледж алдына ескерткіш-мүсін орнатылады делінді. Содан бастауыш мектеп пайдалануға берілді, колледжге есімін беру шешімі бекер болып шықты, уақыт-мүсін жасалды, ол қазір колледж ағаштарының тасысында тұр.

Одан кейін тағы бір бюст-мүсін қашалып еді, оған да қаланың көрнекі жерлерінен жанді орын табылмай, шаһардың ылдига тірелетін шығыс жағындағы не көше емес, не алаң емес елеусіз қуысына қойылды.

Идош АСҚАР, Ақтөбе.




теген аймақтарында шұғыл ұлғайды. Шығанаққа алғыс хаттар ұрыс дала-ларындағы әскери құрамалардан, жеке солдаттардан, атақты Мәлік Ғабдуллиннен... үздіксіз ағылып, Кеңес Одағының егіншілікпен айналысатын көптеген өңірлерінен дақылды өсіру мен баптаудың әдіс-тәсілдерін сұраған хаттар келіп жатты. Олардың бірқатары Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайында сақтаулы.

Диқан өмір сүріп, еңбек еткен Ойыл ауданында ғана соғыстың аяғына таман тары өсіретін 23 звено жұмыс істеді. Республика бойынша дақылдың жалпы егіншіліктегі үлесі 1945 жылы 50,3 пайызды құрауы – қатал жылдардағы негізгі қоректің қайдан келгенінен хабар бергендей. Бір ғана Ақтөбе облысында 1947 жылы осы іспен 700 звено айналысты. Аш құр-

жөніндегі үкіметтік шараларды жүзеге асыру үшін мына құрамдағы комиссия бекітілсін: Республика Халық Комиссарлар Кеңесі Төрағасының орынбасары Шныреев (төраға), Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Мельник, егіншілік жөніндегі халық комиссары Дауылбаев, ВАСХНИЛ Қазақ филиалының төрағасы Мыңбаев, ауыл шаруашылығы институтының директоры Жұматов» делінген. Үкімет, кейбір деректерге қарағанда, елдің атақты перзенті есімін лайығымен есте қалдырудың шараларын тек осылармен ғана шектемеген секілді. Батыста ер-азаматтар қырығн соғыста шайқасып, шығыста – елдегі еңбекке жарайтын дейтіндей бала-шаға, қариялар ауру-сырқаулыққа қарамастан күні-түні бел жазбай жұмыс істеген қатал, қасіретті шақта да билік

келгенін білетін, не көргенін пайымдайтын маман журналист, кейін республикада Берсиевтің де, берсиевшілдіктің де ұмытылып бара жатқаны туралы көлемді материал жазды. Еске түсірді деуім – осы.

Осыған байланысты облыс кемшілікті түзетуге шұғыл кірісіп, өңірде тары егісінің көлемін кеңейтті. Дақылды өсірушілер арасында социалистік жарыс ұйымдастырылып, Шығанақ Берсиев атындағы жылде тағайындалды. Озаттар кезексіз автокөліктер алып, омырауларда ордендер мен медальдар, белгілер тапты. «Правда» сөйтіп бұл мәселенің маңызын жалпыреспубликалық, жалпымемлекеттік деңгейде көтергенмен, ол сонда да тек облыстың өресінен шықпай қалды. Дегенмен, облыс басшылығы атақты тары дақылын өсіруші есімін есте қалдыру



Төрт түлігі тең өрген
Ойыл ауданы экономикасының өзегін ауылшаруашылығы құрайды. Яғни, Ойыл облыстағы бірыңғай мал шаруашылығымен айналысатын санаулы ауданның бірі. Бірнеше жыл қатарынан соққан қуаныштық төуекел аймағына жататын шөлейтті өлкеде

өндіруді қолға алуда. Алдағы уақытта Саралжын а/о «Сансыз» ШҚ тауарлы сүт фермасын ашуға дайындық жұмыстарын жүргізуде.
Ал, жылқы басының өсімі жыл сайын еселеп артып келеді. Қазіргі күні Ойыл даласында 16407 бас «Қамбар атаның» төлі бар. Рас, Ойылда түйе шаруашылығы әуелден кенже қалған. Бірақ, өлі де ата дәстүрді жалғастырып келе жатқандар бар. Небәрі 82 түйе. Бұл негізінен жеке тұрғындардың қолында.
Бау-бақша егу жұмысы соңғы жылдары тұрғындардың қосалқы табыс көзі болса, Спартак Төре-мұратов бұл кәсіпке бел шешіп кірісті.

дар аралығында заманауи үлгідегі 9 мектеп (Қараой мектеп балабақшасы, Амангелді орта мектебі, Жамбыл мектеп балабақшасы, Ақшатау орта мектебі, Соркөл орта мектебі, Тайсойған негізгі мектебі, Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Қарасу негізгі мектебі мен Теректі негізгі мектебі.) , 2 балабақша (Айгөлек бөбекжай бақшасы және Әсем бөбекжай бақшасы) салынды. Облыстық маслихат депутаты «Анвар» ЖШС президенті Т. Салфиговтың демеушілігімен «Ойыл балалар музыка» мектебінің ғимараты бой көтерді. Бұл Ойылдағы көп жылдардан бергі түйткілді мәселелердің бірі еді. Жас ұрпаққа заманауи ақпа-

Қалған қаржысы **179млн 314, 5 мың** теңгеге (РБ-54 502 000теңге; ОБ-124 812 554,04теңге) жөндеу жұмыстары жалғасуда.
«**Шұбарши ауылына кіреберіс**» **0-15,2 км** автокөлік жолын орташа жөндеуге 374 млн617,2 мың теңге бөлінді («Агрофирма Коквест» ЖШС) жөндеу жұмыстары жүргізіліп, **269 млн 428,4 мың** теңге игеріліп, қалған облыстық бюджеттен бөлінген 105 млн 188,7 мың теңгеге **ағымдағы жылы** жөндеу жұмыстары жалғастырылуда.
Ойыл ауылында ауыр жүк автокөліктер үшін айналма автокөлік жолын салу үшін 892,8 мың теңгеге

шылық бағытында жұмыс жасады. Төскейінде берекенің қазаны қайнаған, босағасына бақ пен береке ұялаған,мерекелі де берекелі Ұлы Жібек жолы тоғысқан өйгілі «Көкжар» жәрмеңкесінің ізі қалған, төкпе жырдың шешені ақын Шернияздың сөзі қалған, Қызыл өнші өнін салған, қазақтың тұңғыш балеринасы Нұрсұлу Тапалова сахнаның сәні болған, Шығанақ Берсиев ақ тарының атасы атанған, сынықшы әулие Сүлеймен атадан талай адам шипа алған, тоғыз жолдың торабы түйіскен.
Ойыл жерінде Тәуелсіздік алған жылдан бері ономастика саласы бойынша көптеген жұмыстар атқа-



30 ЖЫЛДЫҢ БЕДЕРІНДЕГІ ОЙЫЛДЫҢ БҮГІНГІ БЕЙНЕСІ

шаруаларды егін шаруашылығынан еріксіз бас тартуға мәжбүрледі. Аумағында өндіріс орындары жоқ, төскейінде төрт түлігі тең өрген аудан



үшін мал тіршілігінің тірегі. Осы жылдың 1 қыркүйегіндегі мәлімет бойынша 41697 бас мүйізді ірі қара бар болса, оның 26048 басы аналық. Соңғы кездері шаруашылықтар мал тұқымын асылдандыруға мән беріп келеді. Әрине, үлес салмағы төмен болса да, бұл бағыттағы жұмыстың басым бөлігі қуатты шаруашылықтардың еншісінде.
«Мал өсірсең, қой өсір» - деген қағиданы ұстанған ойылдықтардың еншісінде бүгінгі күні 175 мыңдай қой-ешкі бар. Табысы тең түліктің де тұқымын асылдандыруға ден қойған

Облыс өкімінің бастамасымен оның алқабына электр желісі тартылып, суармалы алқапты ұлғайтуға мүмкіндік туғызып отыр. Оның өнімдеріне

сұраныс облыстан ғана емес, көршілес аймақта да көп. Спартак болса, бау-бақшамен қатар, жонышқа егу жұмысын қолға алып отыр.
Қолданыстағы суармалы жер алқабын одан әрі ұлғайту мақсатында 540 га суармалы алқаптың инфрақұрылымын жасақтау жұмыстары жүргізілді. Алдағы жылы 3 шаруа қожалығы (Спарта, Көбек, Жұмырбай) жерлерінде іске қосуға дайындық жұмыстары жүргізілуде.
Денсаулық сақтау саласында серпін көп
Тәуелсіздік алғанға дейін Ойыл



шаруалардың ойлары мемлекеттік бағдарламалар арқылы жүзеге асты. Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған Агрөнер-кәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында 1400 бас мүйізді ірі қара сатып алу жоспарланып, 14 шаруа қожалығы 1091 бас сатып алды. 2700 бас қой сатып алу жоспарланып, бүгінгі таңда 5 шаруа қожалығына 2100 бас қой сатып алуына қолдау көрсетілді.
Мемлекеттік бағдарламалар аясында мемлекет тарапынан асыл тұқымды мал басын өсіру бойынша қолдау шаралары түсіндіріліп, шаруа қожалықтарына асыл тұқымды мал алу ұсынылуда. Бүгінгі таңда 240 бас асыл тұқымды мүйізді ірі қара, оның ішінде Қайыңды ауылдық округінен «Орынғали» ШҚ 75 бас асыл тұқымды ірі қара, Саралжын ауылдық округінен «Тәжібай АГРО» ЖШС 165 бас асыл тұқымды ірі қара малдарын сатып алды.
11 шаруа қожалығы қыстағында

ауданында өлеуметтік саланың өлсізі денсаулық сақтау жүйесі болғаны жасырын емес. Ойылдағы ең көне ғимаратқа қоныс тепкен аурухана осыдан 13 жыл «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасының аясында заманауи жабдықтармен қамтылған жаңа ғимаратқа көшті. Сонымен қатар, соңғы 20 жылда Ойыл ауданында жаңа 11 медициналық пункт салынды. Бұл Кеңес үкіметінің құрамында болған 70 жылда болмаған жағдай. Сондай-ақ, соңғы жиырма жылда ауруханаға 19 автокөлік берілді.
Қазіргі таңда 31 дәрігер, 2 психолог маманы жұмыс жасайды. Оның ішінде биыл келген 1 жас маман жалпы аумақтық дәрігер, 2 фельдшер, 1 меірібке.
Соңғы 5 жыл ішінде келген 8 жас маманының үшеуіне жалдамалы тұрғын үй және бір жолғы берілетін көтермеқы, тағы 2 маманға бюджеттік несие берілді.
2019 жылы келген 2 жас маманға



құдық қазылып, 34 шаруа қожалығына лизингтік жүйемен «КазАгроҚаржы» АҚ арқылы 248,2 млн.теңгеге ауыл шаруашылығы тракторлары мен қосалқы техникаларын сатып алуына көмек берілді.
Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласын дамыту мақсатында ағымдағы жылы Саралжын ауылдық округі «Ербазы» ШҚ 50 млн.т. инвестиция салып, 70 бас сауын сиырма тауарлы сүт фермасын ашып, Ойыл ауылдық округінде «Тұлпар» ШҚ 18,0 млн.теңге инвестициямен жылқы сүтін

облыстық өкімдіктен 1 500 000 теңге берілді.
Ұрпағы білімге ынталы
«Білімді ұрпақ - ел болашағының берік тірегі» екендігі, жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне деген мемлекеттің шексіз қолдауынан көріп отырмыз. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында еліміздің білім саласы, соның ішінде Ойыл ауданының білім беру ұйымдары осы мемлекеттік саясаттың жемісін көріп отыр.
Ойыл ауданында 1991-2021 жыл-

раттарды игеруде маңызы зор 12 физика, 13 химия, 3 биология, 3 мультимедия пәндік кабинеттері жасақталды. Аудан бойынша 3 балаға 1 компьютерден келеді.
Жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық мектептер бейнебақылау жүйесімен, турниктермен қамтамасыз етілген. Үш ауысымдық және апатты мектептер жоқ. Ел тәуелсіздігінің қарсаңында ауыл азаматтарының көмегімен 1993 және 2000 жылдары салынған Теректі негізгі мектебі мен Қарасу негізгі мектептеріне 2021 жылы күрделі жөндеу жасалды. 2021 жылы ауданымыздың 4 мектебі модернизациялау нәтижесінде жаңартылды.
Күн санап дамып келе жатырған жас мемлекетіміздің жастары да өз білімдерімен өлемдік биіктерді бағындырып жүр. Олардың қатарында 2013 жылы Ойыл аудандық оқушылар үйінің Түркіменстандағы «Авазadotluk mekany» 6 халықаралық фестивалден бас жүлдемен оралуы, Саға мектеп балабақшасының түлегі Дүйсенғалиев Шаттық Ерланұлы мектеп қабырғасында жетекшісі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Р. Құрманғазиннің шынықтыруы нәтижесінде 2013 жылы Малайзия еліндегі жастар Азия ойынында 2 алтын 1 күміс, 2014 жылы БАӘ Дубай қаласында өткен Халықаралық гран-при және Харажан турнирінде қола медальдарға ие болуын, «Ақтөбе облысының жыл адамы-2013» құрметті атағын иеленуі , Құрман орта мектебінің оқушысы 2013 жылы Сембаева Асылай Ерланқызы Францияның Париж қаласындағы халықаралық конференцияға қатынасып Мұстафа Шоқайдың мұрасын зерттеудегі өз көзқарастарымен бөлісті. Бүгінгі күні ауданымыздың дарынды оқушылары тәуелсіздік жылдары 570 тен астам ғылыми практикалық конференциялар мен жарыстардан жүлдегер атанып, Республикалық, халықаралық спорт додаларында көк байрағымызды желбіретіп жүр.
Ж.Жүсібаевты атындағы Ойыл қазак орта мектебінің түлегі, «Алтын белгі» иегері, Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетін, магистратурасын үздік бітірген, Ұлттық Экономика Министрілігінің қызметкері Талант Хамзин «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-тың Сан-Диего қала-

жобалау-металық құжаттары дайындалуда (мердігер «ASK Proekt I» ЖШС)
«**Қайыңды** ауылына кіре беріс 0-26,960 км» автокөлік жолына орташа жөндеу жұмысына 712 млн 136,1 мың теңге қаржыға облыстық басқармаға бюджеттік өтінім тапсырылды.
«**Сарбие ауылына кіре беріс 0-16,180 км**» автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстарына 570,0 млн теңгеге мемлекеттік сатып алуға жарияланған ашық конкурс екі рет өтпеді деп танылуына байланысты техникалық құжаттамалары қайта ведомстволық сараптамадан өткізуге



ұсынылды.
Аудандық бюджеттен бөлінген 2 млн 959,0 мың теңгеге Бестамақ ауылына кіре беріс **0-1,84 км (246,4 мың.т.)**, **Ақкөмер** ауылына кіре беріс **0-12,7км (497, 2 мың т.)**, **Ойыл** ауылына кіре беріс **0-3,83км (403, 2 мың т.)**, **Көмер** ауылына кіре беріс **0-1,03км (246,4 мың т.)**, **Қаракөмер** ауылына кіре беріс **0-12,0км (555, 2 мың т.)**, **Ақшатау-Қаракөмер 0-19,7км (497, 2 мың т.)**, **Құмжарған** ауылына кіре беріс **0-2,96км (324, 8 мың т.)**, **Екпөтал** ауылына кіре беріс **0-1,97км (246, 4 мың т.)** автокөлік жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалау – сметалық құжаттары дайындалып, («Ігілік Строй Проект» ЖШС) ведомстволық сараптамаға жіберуге дайындалуда.
Көшелерге асфальт салу жалғастырылып, ағымдағы жылы аудан орталығында ұзындығы 4,72 км **5 көше** аудандық бюджеттен 107,4 млн.теңге бөлініп, (Тапалова (29781,0 мың т), Дүсіпов (144000,0 мың т) Байғанин (10213,0 мың т), Оноприенко (16319,0 мың т), Еркіннов (35230,0 мың т) көшелері асфальттанды.



сында, Нұрзат Хайролла Азаматтық авиация саласында білім алып жатыр.
Жолқың «жыры» жақынға қапқы
Осыдан отыз жыл бұрын Ақтөбеге дейінгі жол асфальттанады десе ойылдықтардан ешкім сенбес еді. Тіпті армандаудың өзі қисынсыз сияқты көрінді. Он бес жыл бұрын Қобадан Ойылға қарай жол салына бастағанда да күмәнмен қарағандар көп болды. Темір жолдан жырақ жатқан Ойыл үшін көлік жолы тіршіліктің күре тамыры. Бүгінде аудан халқы аспаптан құтқарып, көзін ашқан жол десе де болады. Өмір бойы жылдың кез-келген мезгілінде жолдың азабын көрген ойылдықтар үшін Ойыл-Қобда арасындағы жол ғасыр құрылысымен тең. Соңғы он жылда Ойылдың өзінде 15 көшеге асфальт төселсе, биылдан бастап ауылдық округтердің орталық көшелеріне асфальт жамылғысы төселді.
Ойыл-Қараой жолын жөндеуге техникалық құжаттаманың қайта жинақталуына байланысты жұмыстар уақытша тоқтап тұр. Қазіргі уақытта жергілікті бюджеттен техникалық құжаттамаға түзетулер енгізуге қаражат бөлініп, құжаттар «Жол активері» сапасының ұлттық орталығы»Ақтөбе облыстық филиалына жіберіліп қаралуда.
Көптоғай ауылына кіреберіс» 0-22 км автокөлік жолына орташа жөндеуге өткен жылы 471млн 508,3 мың теңге бөлініп («РСУ-1» ЖШС) орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, **292 млн. 193,8 мың теңге игерілген болатын.**

Оған қосымша, Ұлттық қордан және облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, бүгінгі таңда **Сарбие** ауылдық округі орталығында 4 көшеге (115,2 млн.теңге) **асфальт төсеу жұмыстары аяқталып**, Ш.Берсиев ауылдық округ орталығы **Қаратал** ауылында 2 көшеге (87,7 млн.теңге), **Қараой** ауылдық округінде 3 көшеге (112,6 млн.теңге) асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде.
Келесі жылға Саралжын ауылдық округінде 4 көшенің, Қайыңды ауылдық округінде 3 көшенің, Көптоғай ауылдық округінде 4 көшенің орташа жөндеу жұмыстарына жобалау-сметалық құжаттары дайындалуда.
«**Жерінің аты – бабаңның хаты**»
Ойыл ауданы - Ақтөбе облысының батысында орналасқан шалғай аудандардың бірі. Ақтөбе облысының Қобда, Темір және Байғанин аудандарымен шектеседі. Аудандығы 22 елді мекен 7 ауылдық округке біріктірілген. Орталығы Ойыл ауылы.
Аудан жерінен шығыстан батысқа қарай Ойыл өзені ағады.
Аудан бойынша Жібек жолының бойында орналасқан ресми түрде 1867 жылы Орал облысының Қазбек болысында көктемде ашылған Көкжар жәрмеңкесімен аты республикаға танылды. Қазақстан бойынша 13 жәрмеңкеден ізі қалған, архитектурасы сақталып, жоюылмаған Көкжар сауда қатрлары мен патша үкіметіне дейін көрші жатқан мұсылман елдерінің саудагерлерінің ұйытқысы болған өңірде Көкжар мешіті діни ағарту-

рылуда.
Тәуелсіздік жылдары аудан бойынша 7 ауылдық округтің қазақша транскрипциясы өзгертіліп, мемлекеттік тілде аталды.
Аудан бойынша 149 көше бар, 106 көшеге жаңадан атау беріліп, мән мағынасы ескірген көшелерге Жамбыл, Шөкәрім, Абай сынды тарихи тұлғалардың есімдері берілді.
3 білім беру ұйымы Әнуар Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебі, Жақия Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі, Шәрбану Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы болып қайта аталды.
Өр ай сайын Тіл туралы заңның жеке көрнекі ақпараттарда сақталуын бақылау мақсатында 7 ауылдық округте жұмысшы тобы жеке түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.
Ата – бабаларымыз «Жер тарихы – ел тарихы»-деп жер, су атауларына ерекше мән берген. Шын мәнінде елдің елдігін танытатын, халықтың болашағын айқындайтын ономастика саласы бойынша атқарылатын жұмыстар басты назарда болатыны сөзсіз.
Ойыл спорты өрлеген кезең
1989 жылы Орынбор қаласында өткен Халықаралық турнирдің күміс жүлдегері, 1990 жылы Жамбыл қаласында волейболдан өткен спартакиададың қола жүлдегері, 1992 жылы Ойыл ауданының волейбол құрама командасы Ауыл жастары арасында Республикалық спартакиададың жеңімпаздары. Құрама командада: Пономарев Бакиев Берік, Сұлтанов Мақсат, Олжабаев Бауыржан, Каринов Әділбек, Төрешов Абылай, Ұба-ниязов Жақсыгелді, Хасанов Қанат, Қосжанов Ерлік. 1981-1994 жылдары волейболдан облыс жеңімпаздары.
Ойыл балалар – жасөспірімдер спорт мектебі 2003 жылдан өз алдын жеке ғимаратқа көшіріліп жұмысын бастады. Алғашқы ұжым 6 адамнан құралды. 2010 жылы ескі авто ғимараты базы 120 млн теңгеге спорт мектебі болып қайта жөндеуден өткізілді. Жаңадан спорт түрлері ашылып, спорт түрлерінің саны 10-ға жетті. Оқуытқысы-жаттықтырушылар саны - 22, кіші қызметкерлер саны 28-ге өсті. 2014 жылы мектеп территориясында 8 млн қаражатқа футбол алаңы 70*110 өлшемінде жабдықталды. 2015 жылы Бақаев көшесінен волейбол, футбол алаңдары және демалыс саябағы демеушілер көмегімен салынып берілді.
Ағаларымыздың ізін жалғастырып келе жатқан спортшылар: Нұрманов Жасұлан, Мұқашев Нұрлыжан, Дайрабаев Айбат, Мұқашев Нұрлан, Байдуллин Нүркен, Қайырбеков Нұрбол, Жақсылықов Ықылас, Қабыдғалиев Шыңғыз, Тынысқалиев Төлеген, Бақдаулетов Рахат, Әбілқайыров Мағжан, Берікұлы Ерлан, Жұмағалиев Нұрсұлтан, Ақдәулет Адақ, Қабиев

жылы Ақтөбе қаласында өткен «Ақбидай» ауыл спорт ойындарының волейболдан өткен жарыстың жеңімпазы атанып, Ақтау қаласында «Ақбидай» Республикалық ауыл спорт ойындарында волейболдан жолдама алды. Қазақ күресінен I орын Мұханбетов Бекзат, үстел теннисінен III орын Ешімов Нұрлан Ақтау қаласында «Ақбидай» Республикалық ауыл спорт ойындарында жолдамаға ие болды.
2013 жылы Дүйсенғалиев Шаттық жандар арасында Азия ойынында 2 алтын, 1күміс жүлдегері, 2014 жылы Біріккен Араб Әмірліктерінде Дубай қаласында үлкендер арасында Халықаралық Гран-При, Харажан турнирінде қола медаль иегері. 2012 жылы Қазақстан Республикасы Спорт шебері атағына ие болды.
Мұқашев Ұлан қоян-қолтық ұрыстан халықаралық дәрежедегі спорт шебері. 2015 жылы Әлем чемпионаты Ресей Федерациясы Мәскеу қаласы күміс жүлдегері. 2019 жылы Санкт-Петербургте өткен ережесіз жекпе - жектен Әлем чемпионы атанды.
Мұханбетов Бекзат 2019 жылы Самбо күресінен Қазақстан Республикасы чемпионатының күміс жүлдегері, 2019 жылы самбо күресінен жасөспірімдер мен жастар арасындағы Қазақстан Республикасы чемпионатында жеңімпазы. Өзбекстан мемлекеті, Ташкент қаласында өткен самбо күресінен Әлем чемпионатында күміс жүлдеге ие болды. Дәудю, қазақ күрестерінен спорт шеберлігіне үміткер, самбадан ҚР спорт шебері.
2005 жылы Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясына Туған жерге тағзым!» акциясы аясында шағын футбол алаңы салынып берілді.
2016 жылы Ойыл селосында Ойыл аграрлық колледж аумағында көлемі 20х40 шаршы метрді құрайтын шағын футбол алаңы, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен бөлінген қаржыға Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде 4 млн.теңгеге жасанды төсеніштегі шағын футбол алаңы жасақталды. 2017 жылы «Туған жерге тағзым!» акциясы аясында Сарбие ауылдық округінде мектеп түлектері 4 млн.теңгеге және Саралжын ауылдық округінен көсіпкер Қабиев Асхат 8 млн.теңгеге жасанды төсеніштегі шағын футбол алаңдарын салып берілді.
2020 жылы жергілікті бюджеттен 24,5 млн.теңге бөлініп, бүгінгі таңда 3 елді мекенде (Көптоғай а/о, Сарбие а/о және Ақшатау) шағын футбол алаңдары іске қосылды. Қайыңды ауылдық округінде жұмыстар жалғасуда. Жергілікті бюджеттен 2,5 млн теңге бөлініп, Қаракөмер елді мекенінде шағын футбол алаңы салынып, пайдалануға берілді.
2020 жылы аудан орталығында 392,619 млн.теңгеге (РБ-353,891 млн.т; ОБ-24,728 млн.т; АБ-14,0 млн.т) бөлініп, дене шынықтыру сауықтыру кешені құрылысы 2021 жылы аяқталып, пайдалануға берілді.
Қысқы спорт түрлерін дамыту үшін хоккей корттары орнату жоспарланған. Қазіргі таңда 2021 жылы жергілікті бюджеттен Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінен хоккей кортын салуға 1,5 млн.теңге, Қайыңды ауылдық округі, Көсембай елді мекеніне 1,5



Тұрар жас волейболшылар жетістіктерге жетіп келеді.
2013 жылы Байғанин ауданында өткен «Ақбидай» ауыл спорт ойындарының волейболдан өткен жарыстың жеңімпазы, 2014 жылы Темір ауданында Облыстық V Халық ойындарының бас жүлдесін жеңіп алды. 2017 жылы Алға ауданында өткен «Ақбидай» ауыл спорт ойындарында волейболдан өткен жарыстың қола жүлдегері, 2018 жылы Қобда ауданында Облыстық VI Халық ойындарының бас жүлдесін жеңіп алды. 2021

жылы Ақтөбе қаласында өткен «Ақбидай» ауыл спорт ойындарының волейболдан өткен жарыстың жеңімпазы атанып, Ақтау қаласында «Ақбидай» Республикалық ауыл спорт ойындарында волейболдан жолдама алды. Қазақ күресінен I орын Мұханбетов Бекзат, үстел теннисінен III орын Ешімов Нұрлан Ақтау қаласында «Ақбидай» Республикалық ауыл спорт ойындарында жолдамаға ие болды.
2013 жылы Дүйсенғалиев Шаттық жандар арасында Азия ойынында 2 алтын, 1күміс жүлдегері, 2014 жылы Біріккен Араб Әмірліктерінде Дубай қаласында үлкендер арасында Халықаралық Гран-При, Харажан турнирінде қола медаль иегері. 2012 жылы Қазақстан Республикасы Спорт шебері атағына ие болды.
Мұқашев Ұлан қоян-қолтық ұрыстан халықаралық дәрежедегі спорт шебері. 2015 жылы Әлем чемпионаты Ресей Федерациясы Мәскеу қаласы күміс жүлдегері. 2019 жылы Санкт-Петербургте өткен ережесіз жекпе - жектен Әлем чемпионы атанды.
Мұханбетов Бекзат 2019 жылы Самбо күресінен Қазақстан Республикасы чемпионатының күміс жүлдегері, 2019 жылы самбо күресінен жасөспірімдер мен жастар арасындағы Қазақстан Республикасы чемпионатында жеңімпазы. Өзбекстан мемлекеті, Ташкент қаласында өткен самбо күресінен Әлем чемпионатында күміс жүлдеге ие болды. Дәудю, қазақ күрестерінен спорт шеберлігіне үміткер, самбадан ҚР спорт шебері.
2005 жылы Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясына Туған жерге тағзым!» акциясы аясында шағын футбол алаңы салынып берілді.
2016 жылы Ойыл селосында Ойыл аграрлық колледж аумағында көлемі 20х40 шаршы метрді құрайтын шағын футбол алаңы, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен бөлінген қаржыға Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде 4 млн.теңгеге жасанды төсеніштегі шағын футбол алаңы жасақталды. 2017 жылы «Туған жерге тағзым!» акциясы аясында Сарбие ауылдық округінде мектеп түлектері 4 млн.теңгеге және Саралжын ауылдық округінен көсіпкер Қабиев Асхат 8 млн.теңгеге жасанды төсеніштегі шағын футбол алаңдарын салып берілді.
2020 жылы жергілікті бюджеттен 24,5 млн.теңге бөлініп, бүгінгі таңда 3 елді мекенде (Көптоғай а/о, Сарбие а/о және Ақшатау) шағын футбол алаңдары іске қосылды. Қайыңды ауылдық округінде жұмыстар жалғасуда. Жергілікті бюджеттен 2,5 млн теңге бөлініп, Қаракөмер елді мекенінде шағын футбол алаңы салынып, пайдалануға берілді.
2020 жылы аудан орталығында 392,619 млн.теңгеге (РБ-353,891 млн.т; ОБ-24,728 млн.т; АБ-14,0 млн.т) бөлініп, дене шынықтыру сауықтыру кешені құрылысы 2021 жылы аяқталып, пайдалануға берілді.
Қысқы спорт түрлерін дамыту үшін хоккей корттарын орнату жоспарланған. Қазіргі таңда 2021 жылы жергілікті бюджеттен Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінен хоккей кортын салуға 1,5 млн.теңге, Қайыңды ауылдық округі, Көсембай елді мекеніне 1,5

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.